

«Бекітемін»

Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасының басшысы
А.Кабдыкапаров



«12» тамыз 2020 жыл

**Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының
«Атырау облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директорының**

ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУЛЫҒЫ

1.Жалпы ережелер

1. Осы лауазымдық нұсқаулық «Атырау облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директоры (бұдан әрі – Директор) лауазымдық міндеттерін, құқығы мен жауапкершілігін белгілейді.

2. Директор лауазымына жоғары медициналық білімі бар, медицина саласында жоғары білімінің (санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы үшін - бейін бойынша); "Қоғамдық денсаулық сақтау"/ "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандықтары бойынша жоғары/бірінші біліктілік санатының болуы немесе экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында екінші жоғары білімінің немесе "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті", "Менеджмент" немесе "Медицина" (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған адамдар үшін), "Бизнес әкімшілендіру", "Іскерлік әкімшілендіру", "Экономика", "Қаржы және кредит" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы немесе ғылыми дәрежесінің/ PhD докторы дәрежесінің болуы; денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл еңбек өтілінің болуы; не экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында жоғары білімінің және "Қоғамдық денсаулық сақтау" немесе "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы және денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар адам тағайындалады.

3. Директор қызметіне тағайындау және қызметтен босату Кәсіпорынның Байқау кеңесінің ұсынысы негізінде Басқарма басшысы бұйрығымен жүзеге асырылады

4. Өз қызметінде Директор:

- Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексін, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», 2015 жылғы 4 желтоқсан «Мемлекеттік сатып алу туралы»,

1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын;

- Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы бағдарламасын;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерін;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің бұйрықтарын;

~~- Басқарма басшысының бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;~~

- Еңбек тәртібі ережелерін;

- және де осы қызметтік нұсқаулықты басшылыққа алады.

5. Директор, сонымен қатар, мемлекеттік тілді еркін меңгеруі керек.

2.Лауазымдық міндеттері

6. Директорге келесі міндеттер жүктеледі:

1) Денсаулық сақтау ұйымдарының өзіне бағынышты құрылымдық бөлімшелері қызметтерін басқаруды қамтамасыз етеді, олардың жұмысын және өзара тиімді іс-қимылдарын ұйымдастырады;

2) Ұжымның халыққа уақытылы және білікті медициналық көмек көрсету жөніндегі жұмысын ұйымдастырады.

3) Ұжымның емдеу-диагностикалық қызметті жоспарлау жөніндегі ұйымдастыру жұмысын жүзеге асырады;

4) Көрсетілген қызмет сапасын жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырады.

5) Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігін, сапасын, медициналық ғылым мен техниканың заманауи жетістіктеріне сәйкес әрі қарай арттыруға бағытталған қызметкерлер жұмысын ұйымдастырудың нысаны мен әдістерін жаңадан енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді;

6) Көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың мемлекеттік стандарттарға сай болуын қамтамасыз етеді;

7) Ұжымның емдеу қызметін талдауды жүзеге асыру, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады, адам денсаулығына қолайсыз әсер ететін басым факторларды анықтайды;

8) Медициналық техниканың мақсатты қолданылуын қамтамасыз етеді;

9) Емдеу және профилактикалық көмекті, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсартуға арналған пәрменді шараларды қабылдайды;

10) Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге, санитарлық ережелер мен нормаларды және гигиеналық нормативтерді сақтауға оперативті және зертханалық-аспаптық бақылау мен қадағалауды ұйымдастырады;

11) Халықты санитарлық-гигиеналық тәрбиелеу жөніндегі шараларды жүргізуді жоспарлайды және қамтамасыз етеді;

12) Медициналық кадрларды ұтымды орналастыру мен ұйымдастыруды, олардың кәсіптік білімдері мен тәжірибелерін дамытуды қамтамасыз етеді;

13) Өмір мен денсаулыққа қауіпсіз еңбек жағдайын жасайды, ұжымда қолайлы психологиялық ортаны қалыптастырады;

14) Медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың болашақтағы жоспарын әзірлейді;

15) Өз құзыры шегінде мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта ұжымның өкілі болады;

16) Еңбек тәртібінің сақталуын, қызметкерлердің сақтандырылуын, қызметкерлердің еңбекке ынтасын, бастамасын және белсенділігін арттыруды, медициналық этиканы сақтауда, ішкі еңбек тәртібінің, медициналық құрал-жабдықтардың техникалық пайдалану талаптарының, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді;

17) Статистикалық тіркеу жүргізуді және ұжым қызметі туралы есеп беруді ұйымдастырады;

18) Заңдарда белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7. Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметіне және мүліктің сақталуына дербес жауапты болады.

8. Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

3. Құқығы

9. Директор:

1) Өз құзыреті шегінде мекеме жұмысын жақсарту мақсатында өзге ұйымдардан қажетті құжаттар мен ақпараттар сұратуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген өзге де құқықтарға ие.

4. Жауапкершілігі

10. Директор:


1) Осы нұсқаулықпен көзделген міндеттерді орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған жағдайда және Еңбек тәртіптерін бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес;

2) Өзі басқарып отырған мекемеге материалдық залал келтірген жағдайда қолданыстағы заңнамалар шегінде;

3) Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзушылық орын алған жағдайда, сәйкесінше Қазақстан Республикасының әкімшілік, азаматтық және қылмыстық заңнамалары шегінде дербес жауап береді.

Таныстырылды:

«12» тамыз 2020 жыл


(Қолы) (Т.А.Ә)